



СТАТИСТИКА

МРНТИ 05.21.21

УДК 314 DOI

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-2.01>

ҮШІНШІ ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ – САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ИМПЕРАТИВИ

Ы.Әміреев, Б.У.Керимбекова, А.Нартбаева*

Алматы экономика және статистика академиясы,

Алматы, Қазақстан

e-mail: yzgarbek@mail.ru

Андапна. Ел экономикасының дамуы ондағы халықтың алаухатының, әлеуметтік жағдайы мен отбасылық тұтыну кәрзеңкесінің өсуі көрсеткіштерімен сипатталатыны белгілі. Әсіресе соңғы жылдардағы әлемдік кеңістіктегі індеттің салдары барлық іскерлік салаларында жұмыссыздық пен инфляцияның қарқынды өсу процесін тежеп, айтарлықтай тоқыраушылыққа соқтырып отырғаны да мәлім. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан тиянақты іс-шаралардың нәтижесінде, дер кезіндегі қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар нарықтық экономиканың құлдырауына тосқауыл болып, келеңсіздіктерге бой алдырмай, қайта еліміздің салдарлы 30 елдің қатарында болу саясатын жүзеге асыруын қамтамасыз етуде. 2021 жылы қыркүйек–қараша айларында елімізде үшінші халық санағы өткізілмек. Санақ Қазақстанның барлық аумағында белгіленген мерзімде және бір уақыт аралығында өткізіледі және екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі 1-30 маусым аралығында дайындық жұмысы жүргізіледі, ал екінші кезеңі 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі уақытты қамтиды. Мақалада осы саяси науқанның өзектілігі жайында демографиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейде статистикалық деректерге деген пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерінің қанағаттандыратын ауқымды шара туралы айтылады.

Түйінді сөздер: халық санағы, демография, әлеуметтік мәселе, санақты жүргізу тәртібі, ағымдық есепке алу, ішінара бақылау, сандық және сапалық көрсеткіштер.

Негізгі ережелер. Егеменді еліміздің тарихындағы үшінші халық санағы жауапты да, маңызды мемлекеттік саяси-экономикалық науқан. Дәстүрлі он жыл сайын өткізілетін халық санағы заманауи экономикалық және әлеуметтік жағдаймызға шынайы баға береді. Демографиялық өзгерістердің тарихи және әдіснамалық негізі саяси науқанның сапалы өтуін қамтамасыз етеді.

Кіріспе. 1991 жылдың 16 желтоқсанында республикамыздың тәуелсіздігі жарияланды. Міне, сол өткен 30 жылдың ішінде егеменді ел ретінде осы уақыт аралығында Қазақстан халқының демографиялық жағдайында үлкен өзгерістер болды. «Демография» термині кейіннен, яғни 1855 жылдардан бастап іс жүзінде қолданыла бастады және ол гректің екі сөзінен құралады: «демос»-халық және «графия»-жазамын, сипаттаймын деген ұғымды білдіреді [1]. Демек, демография нақтылы тарихи әлеуметтік жағдайда халықтың өсіп-өну заңдылықтарын зерттейтін ғылым болып табылады және әр мемлекет бойынша жеке зерттеледі. Себебі, әрбір мемлекеттің ең басты қымбат байлығы – оның халқы. Халық – қоғамның негізгі әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күші, бар байлық пен игіліктің жасаушысы болып саналады.



Нәтижелер және талдау. Қазіргі кезде «Демография» ғылымының алдына қойған негізгі мақсаты белгілі бір жердегі және уақыттағы халықтың санын, құрамын, табиғи және көші-қон қозғалысын, оның өзгеруіне әсерін тигізетін себептерді анықтау, халықтың орналасуын, өмір сүру ұзақтығын, қалалық жерлерге шоғырлануын, ұлттың және ұлттардың аралас қоныстануын, білім дәрежесін, экономика салаларындағы атқаратын рөлін, қоғамдық топтарға бөлінуін және т.б. көрсеткіштердің өзгеруін ғылыми ұйымдастырылған жүйеде зерттейді. Осы аталған көрсеткіштердің барлығы ағымдағы есепке алу, ішінара бақылау жүргізу арқылы алынады. Бірақ, бұл көрсеткіштер халықтың ұдайы өзгеруіне байланысты сандық және сапалық құрамын толықтай көрсете алмайды. Сондықтан, халық туралы шындықты, дәлдікті толықтай сипаттайтын мәліметтерді тек бірдей бағдарлама мен әдіснама бойынша елімізде белгілі бір мезгілде ғылыми ұйымдастырылған жүйеде жүргізілетін халық санағы арқылы алуға болады.

Бұрынғы Кеңес өкіметі кезінде халық санағы 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдары жүргізілді. Осының ішінде кейінгі 1959-1989 жылдары жүргізілген санақтарды «Бүкілодақтық халық санағы» деп атады және санақ жүргізу кезеңдерін бірдей деп айтуға болады [2]. Ұйымдастыру және әдіснамалық жағынан қарағанда, олардың арасында айтарлықтай айырмашылық жоқтың қасы. Бірақ, санақ парақтарының бағдарламаларына кейбір өзгерістер енгізілген және қосымша сұрақтармен толықтырылған.

Біздің елімізде тәуелсіздік алғаннан кейін екі рет халық санағы 1999 және 2009 жылдары өткізілді. 1999 жылдың 25 ақпаны мен 4 наурызы аралығында өткізілген алғашқы Ұлттық халық санағының бағдарламасына алдыңғы өткізілген санақтар материалдарының салыстырмалылығын қарастыра отырып, 23 сұрақ енгізілді, оның 18 – сұрағы демографиялық -әлеуметтік сипатта, ал қалған 5 сұрағы – халықтың тұрғын үй жағдайлары туралы болды.

БҰҰ ұсынысына сәйкес 2005-2014 жылы дүниежүзі халық санағын өткізу туралы ұсынысына байланысты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы № 19 хаттамасы бойынша 2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызы аралығында екінші Ұлттық халық санағын өткізу туралы қаулы қабылданды және өз кезеңінде өткізілді. Бұл санақтың бағдарламасына халықтың ақпараттандырылу деңгейі, компьютерлік бағдарламаларды, электрондық пошта және интернетті, тілдерді меңгеру дәрежелері туралы қосымша сұрақтар қосылды. Халықтың табысы мен кәсібі, көші-қон белсенділігі туралы сұрақтар кеңейтілді және респонденттердің жүру, есту, көру, сөйлеу барысында көретін қиындықтары туралы сұрақтар қарастырылды.

Аталған Ұлттық халық санағының материалдары толықтай өңделді және мерзімді бапасөз беттерінде, анықтамаларда және тақырыптық жинақтарда жарияланды және іс жүзінде қолданылууда. 1999 жылғы санақтың қорытындысы бойынша қазақстандықтардың саны 14 981,9 мың адамды, ал 2009 жылғы өткізілген санақ нәтижесі бойынша 16 004,8 мың адамды құрады. Демек, екі санақ аралығында халық саны 1022,9 мың адамға өскен. Соның ішінде қазақтардың саны 1999 жылғы 8011,5 мың адамнан 2009 жылы 10098,6 мың адамға, немесе 2087,1 мың адамға артқан. Осы жылдар арасында орыстардың саны керісінше 684,1 мың адамға кеміген, яғни 4481,1 мың адамнан 3797,0 мың адамға дейін азайған [3]. Осыдан қорытынды жасайтын болсақ, онда еліміздегі халық санының артуы, тек қазақ ұлттарының үлесіне келеді деп түсініңіздер.

Ал, биыл Қазақстанның үшінші Ұлттық халық санағы осы жылдың қазан айында өтеді. Бастапқыда халық санағы 2020 жылдың қазан айының 1-30 аралығында өткізіледі деп жоспарланған болатын. Бірақ, дүниежүзінде және соның ішінде Қазақстанда жұқпалы «Коронавирус» ауруының таралуына байланысты және Үкіметтің шешімі бойынша «Үшінші ұлттық халық санағын» өткізу мерзімі кейінге, яғни 2021 жылдың қыркүйек-



қазан айларына ауыстырылды. Мұнда жүргізілетін халық санағы Қазақстанның барлық аумағында белгіленген мерзімде және бір уақыт аралығында өткізіледі делінген.

Осы жылы жүргізілетін халық санағының негізгі мақсаты – демографиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейде статистикалық деректерге деген пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Демек, халық санағы арқылы алынған мәліметтер халық туралы ең нақты және шындықты дәлелдейтін көрсеткіштер және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдары мен бағдарламаларын жасау үшін пайдаланылатын ақпараттың негізі дереккөзі болып саналады.

Биылғы жүргізілгелі отырған үшінші Ұлттық халық санағының өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, бұл санақ электронды түрде жүзеге асады және қағаз-қалам қолданылмайды. Екіншіден, әр тұрғын немесе отбасы мүшелерінің біреуі **sanaq.gov.kz** арнайы сайтына кіріп, сауалнаманы өздері толтыра алады. Мұнда, тұрғындарға барлығы 84 сұрақ қойылады, соның 19 сұрағы нақтылау сауалға жатады және санақ парақтары 4 бөлімнен тұрады. Осыған орай, аталған бөлімдерде қандай сауалнамаларды қарастыратынын қысқа түрде төменде келтіреміз:

- төрт бөлімнен тұратын санақ парақтарының бірінші бөлімінде -(тұрғындар тізімі),яғни үй шаруашылығының орналасқан жері және осы мекенжайда тұратын отбасы мүшелерінің тегі, аты мен әкесінің аты туралы деректерді қамтиды;

-электронды санақ парақтарының «Тұрғын үй жағдайлары» туралы екінші бөлігінде баспана жағдайы сипатталады. Демек, тұрғын үйдің типі және оның салынған жылы, сыртқы қабырғаларының материалы,сапалылық көрсеткіш тері,яғни коммуналдық қызметтердің қазіргі заманғы талаптарға сәйкестілігі, тұрғын үйдің меншіктілігі, тұрғын бөлмелер саны және алып отырған аудан көлемі туралы ақпараттар қарастырылады;

-санақ парақтарының үшінші бөлігінде тұрғындардың жеке басына қатысты мәліметтер сипатталады, яғни *демографиялық жағдайы* (жынысы, жасы, некеде болуы, балалар саны), *географиялық* (туған жері, азаматтығы), *экономикалық* (жұмыс орны, күнкөрістің қаражат көздері, тапқан табысын алу кезеңділігі мен мөлшері, жұмыс істейтін саласы), *білімділігі* (сауаттылық, соның ішінде компьютерлік, білім деңгейі және ғылыми дәрежесі), *этномәдениеттілігі* (ұлты, діні, ана тілі және басқа тілдерді меңгеруі), *көші-қондылығы* (негізгі жұмыс орнының орналасқан жері, алдыңғы тұрған жері), сонымен қатар, *күнкөріс көзі және тыныс-тіршілігінің шектелуі* (көру мен есту, жүру, есте сақтау немесе зейін қою қиындықтары) туралы енгізілген жаңа сұрақтардың көрсеткіштері көрсетіледі;

-жүргізілетін санақ парақтарының төртінші бөлімінде-Қазақстанның аумағында уақытша,яғни 12 айдан кем уақыт тұрып жатқан шетелдің азаматтарына арналған және мұнда уақытша тұрып жатқан адамның тұрғын үйінің мекенжайы, тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, туған елі және тұрақты тұратын елі, азаматтығы, ұлты, келу мақсаты және уақыты туралы мәліметтер қарастырылған.

Сонымен қатар, алдағы жүргізілетін халық санағының бағдарламасына,яғни сауалнамасына халықаралық БҰҰ, ЕЭК және ТМД статистикалық комитеті ұсынған негізгі және қосымша сұрақтарын ескере отырып,жаңа сұрақтар да енгізілді. Осыған орай, цифрлы технология негізінде өткізілетін халық санағы ашық та дәйекті болады деп күтілуде және санақ кезінде алынған деректердің құпиялығы сақталады.

Елімізде өткізілгелі отырған халық санағы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша шартты екі кезеңнен тұрады.



Халық санағының бірінші кезеңі 1-30 маусым аралығында өткізіледі және оны алғашқы дайындық жұмысы деп те атайды. Мұнда интервьюерлер(санақ жүргізушілер) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, құрылыстарды аралау арқылы, оның тізбесін жасайды, ондағы тұратын тұрғындардың нақты санын анықтайды және сол арқылы санақты аудандастыруға толықтай мүмкіншілік туындайды. Санақты аудандастыру дегеніміз халық санағының екінші кезеңіне өту үшін сол өңірдегі әрбір елді мекеннің аумағын санақ нұсқаушылары мен учаскелеріне бөлуді айтады және бұл өте күрделі жұмыс болып саналады.

Екінші кезең 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықты қамтыйды. Мұнда, нақты санақ жүргізіледі, яғни интервьюерлер осы көрсетілген уақыт аралығында өздеріне бөлініп берілген санақ учаскелері бойынша халық туралы мәліметтерді толықтай жинайды және біртіндеп санақ жүргізуді аяқтайды.

Үшінші Ұлттық халық санағы екі әдіспен жүргізіледі: онлайн-санақ және бұрынғы жылдары жүргізілген санақтарда қолданылған дәстүрлі әдіс, яғни тұрғын ғимараттар мен үй-жайларды аралау арқылы мәліметтерді жинайды. Онлайн-санақ арқылы деректерді жинау үшін Қазақстандықтар sanaq.gov.kz сайты арқылы 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында онлайн-санақтан өте алады. Әрбір адам сайтқа жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН), ұялы телефон нөмірін, құпия сөзді енгізу арқылы тіркеледі. Ұялы телефон нөмірін енгізгеннен кейін сол нөмірге растау коды, сондай-ақ, санақтан өткеннен кейін оның санақтан өткендігі туралы SMS келеді. Егер, үйіңізге санақшы келген жағдайда осы хабарламаны көрсету арқылы санақтан өткендігіңізді растайсыз. Демек, интернет арқылы тіркелгендер екінші рет санаққа алынбайды және санақшылардың үлкен жауапкершілікпен атқарған істерінің нәтижесінде жиналған деректер шындықты, дәлдікті сипаттайды деген үміттеміз.

Ал, қазан айының 1-30 аралығында санақшылар тұрғын ғимараттар мен үй-жайларды, құрылыстарды аралайды және онлайн-режимі бойынша санақтан өтпегендері болса, онда олардың мәліметтерін электрон планшеттерге енгізеді. Мұнда электрон планшеттерді қолдану арқылы санақ жүргізетін интервьюерлердің еңбек шығынын төмендетуге және уақыт мөлшерін қолайлы пайдалануына толықтай мүмкіншілік туындайды.

Ұлттық халық санағын жүргізу кезінде кімдердің есепке алынатындығы мен алынбайтындығын ажырата білуіміз тиіс және оның критериясы төменде келтірілген:

Есепке алынатындарға Қазақстанның азаматтары (уақытша жоқ және тұратындар), шетелдіктер мен ел аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқтар және дипломатиялық қызметімен байланысты жұмыс атқаратындар мен олардың отбасы мүшелері; «Болашақ» бағдарламасымен оқитын ел азаматтары мен олардың отбасы мүшелері; басқа мемлекетте тұратын, бірақ, есепке алу сәтінде республикамыздың аумағында жүрген Қазақстан азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқтар.

Есепке алынбайтындарға шетелдерде тұрақты тұратын Қазақстан азаматтары; Қазақстан аумағында дипломатиялық мекемелерде немесе халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін шетелдік азаматтар, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ, жұмыспен, іссапармен, оқумен («Болашақ» бағдарламасымен оқитындардан басқа) байланысты 12 айдан көп мерзімге ел аумағынан тыс кеткен адамдар санаққа жатпайды.

Халық санағы сол елдің аумағында орналасқан халықтың демографиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайын толықтай сипаттайтын жалғыз деректер көзі, яғни арнайы ұйымдастырылған бақылау болып табылады. Санақты ұйымдастыру және оны сапалы түрде жүргізу өте күрделі және үлкен қаржы жұмсауды қажет ететін жұмыс болып саналады. Мысалы, жүргізілгелі отырған халық санағына ел бюджетінен 8,8 миллиард теңге бөлу жоспарланған, бұл қаржының негізгі бөлігі санақ жүргізушілердің жалақысына және планшеттер сатып алуға жұмсалынады деп көзделуде.



Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының төрағасы Нұрболат Айдапкеловтың айтуы бойынша санақ өткізу мерзімінде ақылы қызметкер ретінде 32,5 мыңға жуық адамдарды уақытша жұмысқа орналастыру көзделген. Оларға қойылатын негізгі талап 18 жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматы болуы және планшетпен жұмыс істей білуі қажет. Осыған орай, санақ өткізуге қабылданған интервьюерлер орта есеппен 833 адамның мағлұматын жинауы тиіс және сапалы түрде орындаған жұмыстары үшін төмендегідей еңбекақы төлеу жоспарланып отыр:

-санаққа дайындық кезеңінде, интервьюер толық көлемде отыз күн қызмет көрсетсе, онда көрсеткен қызметтері үшін 75743 теңге төлеу жоспарланған;

-негізгі санақ кезеңінде, интервьюер толық көлемде отыз күн қызмет көрсетсе, онда көрсеткен қызметтері үшін 94678 теңгеден төлейді делінген;

-дайындық және негізгі кезеңдерде нұсқаушы-бақылаушы ретінде толық көлемде қырық бес күн қызмет көрсетсе, онда көрсеткен қызметтері үшін 113 614 теңге төлеу жоспарланған.

Тұрғындар, халық санағы кезінде интервьюерлерді қандай ерекшеліктері бойынша ажырата алулары тиіс деген сұрақтың туындауы мүмкін және оның қысқа түрдегі жауабы мынадай:

- жергілікті статистика органының мөрі басылған, қолы қойылған, өзінің суреті жапсырылған, толық аты-жөні жазылған, берілген күні мен қолданылу мерзімі көрсетілген интервьюердің куәлігі болу тиіс;

- міндетті түрде халық санағының символикасы бар көк түсті портфелі мен шарфі болуы қажет.

Санақ жүргізу барысында халық *нақты* және *тұрақты тұратындар* болып екіге бөлінеді. Нақты халықтың саны әрқашанда тұрақты тұратындар санынан артық болады және бұл көрсеткіштерді есептеу әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша жеке анықталады.

Халықтың жоғарыда аталған көрсеткіштерінің санын анықтау үшін мына формулаларды қолданады:

а) нақты тұратындар үшін: $НТ = ТТ - УЖ + УТ$,

ә) тұрақты тұратындар үшін: $ТТ = НТ + УЖ - УТ$,

мұнда: **НТ**- нақты халықтың саны;

ТТ- тұрақты(тұрғылықты) халықтың саны;

УЖ- уақытша жоқ адамдар саны;

УТ- уақытша тұратын адамдар саны.

Енді осы аталған халық санатарына қысқаша түсініктеме берелік:

Нақты халық – санақ кезінде сол елді мекенде немесе аумақта тізімге (есепке) алынған барлық адамдар саны.

Тұрақты (тұрғылықты) халық – сол елді мекенде немесе аумақта тұрақты тұрып жатқандар мен түрлі себептерге байланысты тұрғылықты мекен - жайында санақ кезінде жоқ болған адамдар.

Уақытша жоқтар – сол елді мекенде немесе аумақта тұрақты тұратындар, бірақ түрлі себептерге байланысты санақ кезінде жоқ болғандар, яғни, басқа елді мекенде санаққа алынғандар және ұзақтығы 12 айдан аспайтындар.

Уақытша тұратындар – сол елді мекенде немесе аумақта уақытша тұрып жатқандар, яғни ұзақтығы 12 айдан аспайтындар.

Қорытынды. Ұлттық санақтың қорытындысы 2021 жылдың желтоқсан айының басына халықтың жалпы саны бойынша жедел деректер дайындалады және ондағы халықтың жалпы саны 19050 мың адам, ал 2022 жылдың басына 19074 мың \pm 13,0 мың



адам болады деп жорамалдаймын. 2022 жылы алдын ала қорытындылар жарияланса, 2023 жылы халық санағының соңғы қорытындысы жарыққа шығарылады. Демек, жүргізілетін халық санағының нәтижесі бұдан кейінгі есептерге, алдағы жылдарға, яғни болашаққа бағдарламалар жасау үшін қолданылады және оның деректерінің аса маңызды екендігін осыдан көруге болады.

Құрметті оқырман! Жүргізілетін халық санағынан қалыс қалмай, ат салысыңыздар және санақ жүргізушілерді қошеметпен қарсы алыңыздар!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әміреев Ы. Статистика: Оқулық.-Алматы: Экономика, 2015.-572 б.
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV «Мемлекеттік статистика туралы» Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1049 «Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдерін бекіту туралы» қаулысы.

Koldanylgan adebietter: (транслитерация)

1. Amireev Y. Statistika: Okulyk.-Almaty: Ekonomika, 2015.-572 b.
2. Kazakstan Respublikasynyn 2010 zhylygy 19 nauryzdagy No. 257-IV «Memlekettik statistika turaly» Zany.
3. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2010 zhylygy 11 kazandagy No. 1049 «Ulttyk sanaktardy zhurgizu kagidasy men merzimderin bekitsu turaly» kaulysy.

**ТРЕТЬЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ – ИМПЕРАТИВ
ПОЛИТИЧЕСКОГО, СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ**

Ы.Амиреев*, Б.У.Керимбекова, А.Нартбаева

Алматынская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан

e-mail: yzgarbek@mail.ru

Резюме. В статье были изложены значение и приоритетные задачи Третьей Национальной переписи населения, формирующие перспективные планы социально-экономического развития страны. Автором произведен исторический обзор этапов переписи населения, демографическое положение в стране и составлен прогноз на перспективу, выработаны основные направления предстоящей переписи населения и ее положения.

Ключевые слова: перепись, демография, социальные вопросы, процедура переписи, текущий учет, частичный контроль, количественные и качественные показатели.

**THE THIRD NATIONAL POPULATION CENSUS IS AN IMPERATIVE
OF POLITICAL, SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT**

Y.Amireev*, B.U.Kerimbekova, A.Nartbaeva

Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan

e-mail: yzgarbek@mail.ru

Resume. The article describes the significance and priority tasks of the Third National Population Census, which form long-term plans for the socio-economic development of the country. The author made a historical review of the stages of the population census, the demographic situation in the country and made a forecast for the future, developed the main directions of the upcoming population census and its situation.

Key words: census, demography, social issues, census procedure, current accounting, partial control, quantitative and qualitative indicators.